

FTAMP 17.07.65

<https://doi.org/10.55956/RVXX5764>

**Т. Р. Әбдіқадырова** \* 

*Пед. ғылым. д-ры, профессор*  
*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,*  
*Тараз қ., Қазақстан*

**Ж. Жанатбекқызы** 

*Студент*  
*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,*  
*Тараз қ., Қазақстан*  
[zzhanatbekkyzy@mail.ru](mailto:zzhanatbekkyzy@mail.ru)

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ КӨРІНІСІ

*Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетінде әлі де болса толық зерттелмеген "психологизм" ұғымы жан - жақты қарастырылған. Психологизм әдебиетпен тығыз байланыста, себебі көркем шығарманың негізгі объектісі адам болғандықтан, адамның іс - әрекеті мен психологиясының да шығармада көрініс табатындығы анық. Демек, психологизм - әдебиет пен психологияны байланыстырушы дәнекер. Мақалада психологизм ұғымына түсінік беріліп, оның түрлері, өзіне тән көркемдік - стильдік ерекшеліктері қазақ әдебиеттануына үлес қосушы ғалымдардың еңбектерінің негізінде ғылыми жүйеленіп талданады. Бақытжан Майтановтың "Қазақ романы және психологиялық талдау", "Қаһарманның рухани әлемі", Гүлзия Пірәлінің "Көркем шығармадағы психологизм мәселелері" атты зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, қазақ прозасындағы психологизм аспектілері сараланады. Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шерхан Мұртаза, Төлен Әбдіков, Асқар Алтай шығармаларынан үзінділер келтіріліп, көркем шығармадағы психологизмнің көрінісі мен берілу тәсілдері жүйеленген. Сонымен қатар, әдеби туындыдағы психологизмнің бейнелеу құралдары, атап айтқанда ішкі монолог пен диалогтың кейіпкер характерін, психикалық күйін танытудағы қызметі нақтылы шығармалардан мысалдар келтіре отырып, дәйектеледі. Әдеби психологизмнің қалыптасуы мен даму үдерістері сараланып, көркем шығармадағы эстетикалық көрінісі айқындалады. Психологиялық прозаға тән басты ерекшеліктер қарастырылып, кейіпкердің тұлғалық болмысын танытудағы психологиялық стиль мәселесі зерделенген. Фольклорлық үлгілерден бастау алған түс көру мотивінің көркем прозадағы өзіндік орны мен дәстүр жаңашылдығы сараланады. Көркем шығармадағы сана ағыны, психологиялық талдау, қостұлғалық мәселелері қарастырылған.*

**Тірек сөздер:** *психологизм, сана, монолог, кейіпкер, психологиялық талдау, проза.*

**Кіріспе.** Әдебиет қоғамдық үрдістерге сай үздіксіз жаңарып, жаңғырып отырады. Уақыт ағымын назарға алсақ, әдебиеттің даму арнасы, өсіп-өзгеру кезеңдері адамның ой-

өрісі, интеллектуалды деңгейінің айнасы іспеттес. Тарих сахнасындағы құбылыстар әдебиетте де өзінің өрнек-бедерін қалдырады сөзсіз. Демек, халықтың ұлт ретінде

қалыптасуын әдеби дамудан бөліп қарастыра алмаймыз. Әр кезеңнің тарихи өрісі сол тұстағы әдебиеттің даму сатысы, бөлшегі деп ұғынсақ қателеспейміз. Халық ауыз әдебиеті, эпостар, жыр-дастандар, жыраулар шығармашылығы ізін жалғаған әдебиет ұлттық әдебиетіміздің негізгі бастауы, өзегі болып табылады. Әдебиеттің тарихта орын алуы шығарманың идеясы мен автор ойына, көркемдік қуатына тікелей байланысты. Әдеби шығарма қай жанрда болмасын тұтастыққа құрылуы тиіс. Шығарма идеясы мен кейіпкерлер әлемі біте қайнасқан жағдайда яғни, сыртқы әлем мен ішкі әлем сабақтасса ғана шығарманың көркемдік қалпы арта түспек. Адамның сезімі, дүниетанымы, ой-өрісі әдебиетте түрліше көрініс табады. Ауыз әдебиетінде кейіпкердің ішкі әлемі жанама түрде берілген, бұл психологизмнің бастапқы белгілерін көрсетеді, демек психологизмде әдеби даму арналарымен етене байланыста.

Психологизм – әдебиеттегі күрделі ұғымдардың бірі. Психологизм мәселелері мен психологизмнің берілу тәсілдері әдебиеттің жанрлық даму үдерісімен бірге сатылық дамудан өтіп, түрлене түсті. Қазақ әдебиетіндегі психологизм мәселелері толығымен зерттелді деп айта алмаймыз. Әдебиеттану ғылымында тұлға мәселесі негізгі зерттеу объектісіне айналды. Тұлғаның танымы мен гуманистік сипаты психологиямен сабақтасып жатыр. Әдебиет те қоғамдық үдерістерге сай өз сипатын түрлендіріп, жаңа қырларын ашуда. Осыған байланысты, көркем шығармадағы психологизмнің қолданысын, берілу тәсілдерін зерделеп, жүйелеу айрықша маңызға ие. Көркем шығармадағы психологизмнің көрінісін зерттеу – тақырыптың өзектілігі болып табылады. Осыған сәйкес, зерттеудің басты мақсаты - көркем шығармадағы психологиялық аспектілерге түсінік беріп, психологизмнің көркемдік негізін анықтау, кейіпкерлер әлеміндегі сезім құбылыстарын саралау; зерттеудің негізгі міндеті – көркем шығармадағы психологиялық құбылыс-тардың

сырын ашып, психологизмнің даму арналарын көрсету болып саналады.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Көркем шығарманың басты тұлғасы – адам. Шығармада адамның тек сыртқы бейнесі, сыртқы құбылыстар ғана бейнеленіп қоймайды. Мұнда адамның іс - әрекеті, мінез-құлқы, болмысы толығымен көрініс табады. Психологизмнің аспектілерін, элемент-терін З. Фрейд, М. Бахтин, А.Н. Иезуитов сынды ғалымдардың еңбектерімен байланыстырып жатамыз. Қазақ проза-сындағы психологизм мәселелерін алғаш қарастырушылар ретінде Ахмет Байтұрсынов пен Жүсіпбек Аймауытовты айта аламыз. XX ғасырда қанат жайған бұл саланың әдебиеттегі орнын саралауда аталған екі ғалым бастамашылық танытты. Кейіннен психологизмді әртүрлі қырынан зерттеуші ғалымдар қатары кеңейе түсті. Атап айтсақ, психологизмнің көркем шығармадағы көрінісін, түрлерін Бақытжан Майтанов пен Гүлзия Пірәлі сынды ғалымдарымыз жан-жақты қарастырған. Бүгінгі зерттеуімізде Б. Майтановтың, Г. Пірәлінің қазақ әдебиетіндегі психологизм мәселелеріне байланысты зерттеу еңбектері басты негізге алынды. Жұмыста көркем шығармаларды талдау, саралау, салыстыру, ой қорыту әдістері қолданылды.

**Зерттеу нәтижелерін талқылау.** Әдеби туындыда кейіпкердің жан сырын, ішкі сезімін, болмысын терең зерделеп ашып көрсету психологизм негізінде жүзеге асады. Психологизм - адамзаттың рухани дүниесін, жан әлемін түсінуде маңызды рөлге ие. Адамның ішкі әлемі терең сырлы қатпарға толы, ал сол терең сырды ұғынуда психологизмге жүгінеміз. Ұлттық әдебиетіміздегі психологизм мәселелерінің тамыры халықтық психологиядан бастау алады. Ұлттық салт-сана, дәстүр мен үрдіс негізінде қалыптасқан халықтық психология адамның өмірлік тәжірибесі, парасат - пайымы арқылы жетіліп отырады. Адам - жұмбақ жаратылыс, ал сол жаратылыстың сырын оқырман қауымға ашып беру, сезімін сипаттау

жазушыдан асқан суреткерлікті, шеберлік пен білімді қажет етеді.

Қазақ прозасындағы психологизм мәселесін зерттеп, зерделеген ғалымдардың бірі әрі бірегейі - Б.Майтанов. Ғалым: "Психологизм - адамның көңіл-күй, ой-толғам болмысы төңірегіндегі нақты материалдық құбылыстар сырын түсінуге ұмтылу. Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізудің амал-тәсілдерінің жиынтығы" [1], - деген анықтама береді. Сонымен, психологизм шығармадағы жекелеген кейіпкерлер психологиясынан өріс алып жалпы психологияны қамтитын күрделі құбылыс. Психологизм кейіпкердің іс-әрекеті мен сана қақтығысынан тұрады, десе де шығарма өз жүйелелілігінен ауытқымайды. Өмір шын-дығы мен көркемдік шындықтың сабақ-тастығын сақтау - психологизмнің атқарар негізгі қызметі. Психологиялық туынды адам тағдырындағы екі әлем: жақсы мен жаман, ақ пен қара, махаббат пен жеккөрініш сынды қайшылықтардың күресі турасында логи-калық ой қозғауға жетелейді. Көркем шығармада психологизм екі принцип негізінде көрініс табады:

1. аналитикалық принцип;
2. динамикалық принцип.

Аналитикалық принципке кейіпкердің ішкі монологы, түс көру, ой, сана сынды құбылыстарды жүйелесек, сыртқы қимыл - әрекеттер, бейвербалды ишараттар, заттық әлем т.б. динамикалық принципке жатқызамыз. Ғалымдар көркем шығармадағы психологизм түрлерін аналитикалық, динамикалық, сондай-ақ синтетикалық психологизм деп түр-түрге жіктеп келеді. Бұл тұрғыда Г.Пірәлі еңбектерінде кеңінен сипаттама берілген. Ғалым еңбектеріне сүйенер болсақ, психологиялық шығарманың жанрлық - стильдік сипатына қарай ерекшеліктерін былайша анықтап көрсетеді:

1. Психологиялық шығармада кейіпкер, кезең, уақыт мәселелері алдыңғы сапқа шықпайды.

2. Шығармадағы басты нәрсе - кейіпкердің, яғни, жеке тұлғаның ішкі өмірі,

көңіл-күй құбылыстары мен кейіпкердің тұлғалық сатылануы.

3. Шығармадағы ой мен сезім, сөз бен іс-әрекеттің қарама-қайшылықтары - тереңнен танытуды қажет ететін психологиялық үдеріс [2].

Психологизм ұғымын алғашқылардың бірі болып қарастырған Чернышевский еді, оның танымында психологизм - көркемдік форма. Психологизм ұғымын екі тұрғыда түсіндіре аламыз: кең мағынасында психологизм ұғымы әдебиет пен өнерде адам образын бейнелеудегі көркемдік құрал; тар мағынасында жекелеген шығармаларға тән құбылыс. Психологизмнің негізгі үш формасы қарастырылады:

1. тікелей форма - кейіпкердің ішкі әлемін көркемдік тану;
2. жанама форма - жазушының сыртқы психологиялық талдауы, кейіпкер психикасы мен бет - әлпетінің сыртқы бейнесі;
3. жиынтық форма - кейіпкердің жан дүниесіндегі болып жатқан құбылысты автордың тікелей атауы.

Психологизмнің өзіндік құрылымы бар, шығармада кейіпкердің сыртқы бейнесін талдаудан гөрі оның ішкі күйіне баса назар аударылады. Сондай - ақ шығармадағы заттық әлем кейіпкердің ішкі әлемін бейнелеуге бағытталып, өзара байланыста болады. Портрет, ым-ишара, табиғат құбылыстары сынды сыртқы детальдар кейіпкер психологиясын танытуда қосымша функцияны атқарады. Психологизмді құруда баяндау маңызды сипатқа ие, ол бірінші не үшінші жақта беріледі.

Бірінші жақтық баяндау - кейіпкердің өзіне баға беруі, өз іс-әрекеттерін саралау мақсатында қолданылады.

Үшінші жақтық баяндау немесе авторлық баяндау - авторға оқырманды кейіпкердің ішкі әлеміне енгізуге, оны толықтай қабылдауына мүмкіндік беретін көркемдік форма. Автор сондай-ақ кейіпкерге баға беріп, оның әрекеттерін талдай алады. Баяндаудың бұл түрінде ішкі монолог, хаттар, күнделік т.б. қолданыс табады.

Авторлық баяндау мен ішкі монолог психологиялық туындыда ең кеңінен таралған форма. Әйтсе де, аталған формалардан бөлек "қостұлғалық" та психологиялық туындыларда авторға жаңаша психологиялық күйлерді танытуға мүмкіндік береді. Қостұлғалық (тұлғаның екіге жарылуы) фантастикалық мотивке ие, десе де психологиялық туынды да бейсаналы форма шығармадағы сюжет не іс-әрекетпен емес, кейіпкердің ішкі әлемі, психологиялық күйімен байланысты болады. Психологизмнің тағы да бір кең таралған түрі - үнсіздік. Жазушы бір сәтке кейіпкердің психологиялық күйін сипаттауды тоқтатып, оқырманға психологиялық талдау жасауға және кейіпкердің сол тұстағы күйін саралауға мүмкіндік береді. Мұндай үнсіздік кейіпкердің ішкі әлемін бейнелеуде оқырманды белгілі бір шеңберге шектемейді, қиялға толық еркіндік береді. Бұл тұста шығармадағы психологизм жойылмайды, кейіпкер санасында жалғасын табады. Мәселен, Асқар Алтайдың "Құланның ажалы" шығармасының соңындағы әке үнсіздігі оның үзілген үмітінен, қынжылысынан сыр шертеді.

Көркем шығарманың негізгі объектісі адам болса, адамның қуанышы, қайғысы, мұң-шері, толғанысы, жүріс - тұрысы барлығы да әдеби туындыда анық беріледі. Оқырман кейіпкерді танып сезінуі үшін аталған сезімдердің шығармада көрініс табуы шарт. Кейіпкерді әрқилы сатыда таныта алу жазушының тіл шеберлігіне, суреткерлігіне байланысты. Әр жазушының кейіпкерді сомдаудағы әдісі әрқилы. Қазақ әдебиетінде кейіпкердің ішкі күйін танытудағы кеңінен қолданылатын көркемдік тәсілдердің бірі - психологиялық параллелизм. Адамның көңіл-күйін табиғатпен астастыра суреттеу, сол арқылы оқырманға кейіпкердің күйін жеткізу әдебиетімізде ежелден бар үрдіс. Мәселен, халық ауыз әдебиетінде, әсіресе батырлық, лиро-эпостық жырларда ("Алпамыс батыр", "Қыз Жібек") бұл әдіс айқын көрінеді. Аталған көркемдік тәсіл ұлттық прозамызда да өзіндік өрнегін қалыптастырды. Атап айтсақ, заңғар жазушы М. Әуезов өз қаһармандарының

басындағы зұлматты, қайғы-қасіретті көрсетуде ақтүтек боран, қара түнек, ызғырық, үскірік аяз сынды табиғаттың санқилы құбылыстарын ұтымды пайдаланады. "Қорғансыздың күні" әңгімесіндегі Ғазизаның зұлымдықтан түңіліп, молаға қарай беттеуі, қыздың жан тебіренісі мен ақ түтек боранның суреті осыған дәлел. Ызғарлана соққан долы боран қорғансыз, қауһарсыз қыздың – "қоғамның" трагизмін еселей түскендей.

Психологизм грек тілінде "psyche - жан" мағынасын береді. Демек, әдебиеттегі психологизм алдымен әдеби қаһарманның жан арпалысын толыққанды әрі терең бейнелеуді мақсат етеді. Әдеби шығармада кейіпкер психологизмін терең талдауда "ішкі монолог" жетекші рөл атқарады. Кейіпкердің ішкі күйін өз атынан баяндауы оқырман қауымның сенімділігін ұялатады әрі шығарманың әсерлілігін арттырады сөзсіз. Кейіпкер образын танытуда ішкі монологтың рөлі айрықша. Ішкі монолог тәсілі сонау антикалық дәуірдегі мифтен бастап күрделенген роман жанрына дейін қалыптасып өзіндік даму эволюциясын бастан кешірді, дегенмен оның көркем прозадағы қолданысы тың әрі жүйелі дей аламыз. Көркем прозада ішкі монолог ғылыми айналымға түсіп, әдебиеттегі өзіндік орнын қалыптастырды.

Қазақ әдебиетінде ішкі монолог тәсілі ХХ ғасырдағы көркем прозада кең қолданыс тапты. Шығарма идеясының нәзік тұстары, автордың ойы монолог негізінде өрнектеледі. Монолог арқылы кейіпкердің мінезі, ойлау ерекшелігі айқын танылады. Монологта бірыңғай жүйелілік сақтала бермейді, автор мен кейіпкердің байланысы негізінде кейіпкердің ішкі ойы беріледі. Ғалым М. Атымов өз еңбегінде: "монологте көбінесе сөйлеуші адам өз өмірі мен өзінің ішкі жан дүниесіне тереңдей еніп, өз психологиясынан хабар береді. жазушы қаһарманның өзімен - өзін сөйлестіру арқылы оның өзінен басқа сездіргісі келмейтін жасырын сырларына дейін оқушыны жетектеп, ертіп апарды" [3],- деп монологтың шығармадағы басты қызметін саралап береді. Кейіпкер өз ойымен сырласу

арқылы шындыққа жол ашады. Ғалым Гүлзия Пирәлі ішкі монологтың берілуінің үш түрлі жағдайын көрсетеді:

1. Ішкі монологтың автор сөзі тұрғысында берілуі;

2. Автордың өз атынан айтылатын ішкі монолог;

3. Кейіпкер рөліне көшкен автордың ішкі сөзі [2].

Қазақ прозасында "ішкі монолог" тәсілі Ж. Аймауытовтың "Ақбілек" романында елеулі көрініс табады. Аталған шығарма көптеген ғалымдардың пайымдауынша қазақ прозасындағы тұңғыш психологиялық туынды ретінде қарастырылып келеді. Ғалым Гүлзия Пирәлі жіктеген ішкі монологтың берілу тәсілдерінің үш түрі де "Ақбілек" шығармасында кеңінен көрініс тапқан.

Шығармадағы Бекболаттың, Мұқаштың, Қарамұрт офицердің атынан берілген бірінші жақтық баяндау кейіпкердің болмысын өзге қырынан тануға айрықша қызмет етіп тұр. Автор кейіпкерлердің монологы арқылы олардың ішкі толғаныстары, жасаған іс-әрекеттеріне түрткі болған себептерді айқын жеткізе білген. Әсіресе, Ақбілек пен Мұқаш монологтары олардың психологиясын оқырман қауымға тереңнен аңғаруға септігін тигізіп тұр. Жазушы монолог негізінде кейіпкерді оқырманға етене таныстыруды басты міндет еткенін аңғару қиын емес. Сондай - ақ шығармадағы монолог ұдайы даму үстінде ширыға түседі. Мәселен, Мұқаш өзін таныстыра келе одан әрі Ақбілекті орыстарға ұстап беруге түрткі болған жай турасында да ақтарыла сыр шертеді. Бұл тұста оның бойындағы ыза - кек, өшпенділікті көріп бір сәт оны ақтап та алғың келеді. "Япыр - ау мен қазақпын ба? Қазақ болсам, өз қаныма неден мұнша өшіктім..." [4]. Осы бір үзіндіден Мұқаштың іс-әрекетінің түйткүлді себебін, сол тұстағы қазақтың деградациялық күйін (орыс отаршылдығы әсерінен қазақтың хандық билігінің күйреуі, соның нәтижесінде болыстық сайлау арасындағы орныққан ұдайы қақтығыс, арызқойлық, бақталастық, күндестік сынды бәлекет мінездердің қазақты

деңдегендігі) аңғару қиын емес. Жазушының шеберлігі сондай, бір кейіпкердің ішкі монологы негізінде оның психологиялық күйін, сондай-ақ тұтас бір замана болмысын шағын детальдар көмегімен аңғарта білген. Жазушы бұл тұста кейіпкердің жан азабын, өз алдында ақталысын орынды жеткізеді. Мұқаштың өз кінәсін мойындауы, оның себебін, мән-жайын зерделеуі, кейіпкер бойындағы үрей мен қорқыныш, пікір қайшылығы "психологиялық талдауды" қамтиды. Ғалым Ш. Елеукуеновтың пікірінше: "Психологиялық талдау өнері толысқан шығармада характер өздігінен дамиды сияқты. Жерге себілген дәннің алдымен тамыр байлайтынын, одан өсімдікке, енді бірде дән толы сабаққа айналғанын биологтар зерттейді десек, белгілі бір қалыпта жүрекке түскен сезімнің әрекетке айналуын, не ұлғая келе басқа бір саналы сезімге айналуын жазушы зерттейді. Сөйтіп психологиялық талдау адамның белгілі бір әрекет үстіндегі сезім күйінің өзін ғана емес, негізінен, оның бір күйден сан күйге ауысып дамыған диалектикалық процесін суреттейді" [5]. Шығарманың басты кейіпкері Ақбілек те – өзін-өзі талдау (самоанализ) жасаудың шебері. Сонымен қатар, ішкі монологтың өзгеше түрі "күнделік" арқылы жазушы Ж. Аймауытов Ақбаланың ішкі сырын айрықша танытады. Күнделік - адам баласының өзгеге айтпайтын, ешкімге аша бермейтін жұмбақ сырларының куәгері. Демек, бұл тұста жазушы Ақбаланың жұмбақ сырын, ішкі әлемін "күнделік" арқылы танытуды жөн санаған. Дәл осы "күнделік" арқылы кейіпкердің болмысын таныту тәсілі Т. Әбдіковтің "Парасат майданы" шығармасында да шебер қолданыс тапқан. Шығарманың басты кейіпкері - жан дүниесі екіге жарылған адам. Кейіпкердің өзін - өзі өлтіруіне әсер етуші не, мұндай қадамға баруына не себеп болды деген сынды сауалдарға қаламгер кейіпкердің өз санасына бойлай отыра жауап береді. Кейіпкердің күнделігіне көз жүгірте отырып оқырман қауым оның болмысымен толықтай танысады және өз сұрақтарына жауап табады.

Жазушының шеберлігі де осында: тың мазмұн, жаңа тұрпаттағы кейіпкерді жасай білген. Т. Әбдіков психологизмі –өзіндік ерекшелікке ие тың құбылыс. Жазушы өз кейіпкерлеріне тән сана ағымын өзгеше сипатта танытады. Кейіпкердің бойындағы үрей мен қорқыныш, тылсым әлем, жан азабы бәрі де шынайы әрі әсерлі бейнеленген.

Көркем шығармадағы психологизмнің көркемдік тәсілдерінің ең белсенді түрі - түс көру. Түс көру тәсілі кейіпкердің жұмбақ әлемін, ішкі қалтарыстары мен оқиға шешімінен сыр беруде өте тиімді. Түстің көркемдік мүмкіндігі шексіз. Автордың қандай мақсатта қолдануына сай оның спецификалық ерекшелігі, эстетикалық мәні санқилы құбылып отырады. Түс – адам сана-сында еріксіз орын алатын психологиялық процесс. Ғалымдар түс көруді адамның күндізгі саналы түрдегі ойлау процесі тоқтаған сәтте қалыптасатын табиғи құбылыс деп түсіндіреді. Адам баласының қиялы шексіз еркіндікке ие, ал түс сол қиялдың қорытындысы іспеттес. Психолог мамандар адам ұйықтағанда мидағы сигнал тежеліп, соның әсерінен адам санасында кездейсоқ образдар пайда болады деп тұжырымдайды. Түс туралы ұғым ежелгі діни - наным негізінде қалыптасты дей аламыз. Жаман түс көрсе шошынып, қатерден қорғану, жақсы түс көрсе алдағы күннен жақсылық күту, түс жорыту сынды түсініктер осыған дәлел. Аталған көріністер біздің төл әдебиетімізде де кестелі бейнеленген. Көне эпостарда түс сәуегейлік сипатта көрініс тапса, жыраулар шығармашылығында түс өз ойларын айшықтау үшін қолданылған. Түс көру фольклорлық әдебиетте мотив ретінде танылса, көркем әдебиетте "әдеби тәсіл" ретінде қарастырылады. Адам жанына тереңдей бойлауда қаламгерлер түс көру тәсіліне жүгінетіні анық. Өмір шындығын эстетикалық тұрғыда жеткізуде, кейіпкердің ішкі құпия қалтарыстарын ашуда "түс" елеулі қызмет атқарады. Халықтың рухани танымымен біте қайнасқан түс көру жазушының психологиялық үдерістерді танытуында айрықша мәнге ие.

Шығармадағы түстердің қолданылуы да, оның талдануды да әртүрлі болып келеді, ол автордың айтпақ ойына, танымына байланысты. Әдеби түс көру тәсілі қазақ әдебиетінде ертеден - ақ адам психологиясын, болмыс-бітімін ашуда көркемдік қызмет танытып келеді. Оған дәлел ретінде эпостық жырлар мен аңыз-ертегілерді, сондай-ақ көркем прозадағы кейіпкерлердің түс көруі және олардың түрлі сипатта көрініс табуын айта алынамыз. Алайда, фольклорлық әдебиетте "түс көру" көбінде мифологиялық түсінікке негізделсе, проза жанрында бұл тұтастай кейіпкердің ішкі жан дүниесімен байланысты психологиялық әрекет. Түс аспектісі шығармада кейіпкердің қалауын, арман - мақсатын жеткізуде кенінен қолданылады.

Бүгінгі кемелденген қазақ прозасында әдеби түс көру көркемдік қалпын шындап, әбден жетілді десек те болады. Түс көруді қаламгерлер оқиғаның дәнекері, оқиғаның шешуші кілті ретінде немесе психологиялық жағдайды бейнелеу мақсатында қолданып келеді. Жазушының түс көру тәсілін қолдану сипаты оның интеллектісі мен суреткерлік шеберлігіне байланысты түрленіп отырады.

Қазақ прозасында түс көру мотивін Оралхан Бөкей, Әбіш Кекілбаев сынды классик жазушылардың шығармаларында жиі кездестіреміз. Өз шығармаларына түс көру мотивін арқау ететін жазушылардың бірі - Шерхан Мұртаза. Атап айтсақ, Ш. Мұртазаның "Қызыл жебе" шығармасының бесінші кітабы "Тамұқ" романында да "түс" айрықша символикалық мәнге ие. "Тұтқындалғалы бері тұңғыш рет түсінде Өзизасын көрді. Түрмесіз, тергеушісіз, айдауылсыз еркін дүние екен дейді..." [6]. Осы үзіндіде шығарманың басты кейіпкері Тұрардың ішкі қалауы - еркіндік, жарына деген сағынышы суреттеледі. Оянған сәтте Тұрар осынау тар қапаста да адам бақытты болады екен - ау деп өзінің толғанысын білдіреді. Енді бірде түс алдағы уақытта болатын оқиғалардың болжамы ретінде де қолданыс табады. Жазушы Т. Ахтановтың "Шырағың сөнбесін"

романының басында Нәзира түсінде қара дауылда дүркірей шапқан қалың жылқыны көреді. Үдере шапқан жылқы түс жору бойынша жаугершіліктен хабар береді, демек, автор шығармада алдағы соғыстың болуын осы кейіпкердің түсі арқылы жеткізгендей...

М. Әуезовтың "Жетім" әңгімесі – психологиялық бейнелеу стиліне ие шығармалардың бірі. Өмірдің қарама – қайшылыққа толы бітпес бұралаңында Қасым - жалғыз. Үлкен мұң, қалың қайғы арқалаған жас жеткіншек тек түсінде ғана бақытты. Оған себеп, Қасым түсінде өзін бауырына басқан әке - шешесін көреді, түсінде оған ата - анасы өздерінің оралатындығын, Қасымның жалғыз еместігін айтады. Қасым түсінде еститін осынау жылы сөздер оның жанына демеу, жалғыз сүйеніші десек те болады. Осы тұста автор кейіпкердің санасындағы арманды жеткізуде түс көру компонентін тиімді қолданған.

Қазақ көркем прозасында өзіндік психологиялық иіріммен айшықталатын туындылардың бірі - М. Жұмабаевтың "Шолпанның күнәсі" шығармасы. Бұл шығармада Мағжан Жұмабаев адам болмысына терең бойлап, санадағы қайшылықты асқан шеберлікпен танытады. Шығарманың басты кейіпкері Шолпан - өзге кейіпкерлерден өзгеше тың образ. Шығармадағы оқиғалар тікелей Шолпанның санасындағы құбылыстарға негізделеді. Автордың Шолпан бойындағы ішкі қайшылықты, драматизмді бейнелеуінде психологизм анық көрінеді. Шығарманың басты проблемасы – Шолпанның ниетінің дұрыс болмауы, оның бойындағы "эго-ны" танытуда автор кейіпкердің санасындағы ойларды негізе алады. "...Сәрсенбай әңгімесінің арасында жәй сөздің екпінінен: "Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар" деген сөз ып-ырас-ау дегенде, Шолпанның басында жаңа бір ой жарқ ете түсті [7]". Автор осы тұста оның басты ниеті - бала сүйіп, ана атану оның ішкі қалауынан туындамағанын, тек өз қамы екендігін жеткізеді. Жалпы, шығармада кейіпкердің ой-қалтарыстары, сананың үздіксіз күресі айқын

танылған. М. Жұмабаев кейіпкердің өміріндегі бір ғана ситуацияны негізге ала отырып оның бүкіл болмысын ашып береді, Шолпанның психологиясын танытуда ішкі монологтың барлық мүмкіндігін оңтайлы пайдаланылған.

Қазіргі қазақ прозасында жазушы Асқар Алтай шығармаларынан психологизм элементтерін жиі кездестіреміз. Жазушының шағын проза жанрындағы туыныдыларында дүние мен болмысты танытуды, адамның жеке бас мүддесі мен ішкі әлеміне баса назар аударған. Қоғамда белең алған кереғар әрекеттер мен адам баласының арақатынасын көркем шығармаға негіздеуде жазушы шеберлігі анық танылады. Тұлғалық болмыстың әдебиеттегі көрінісі психологиялық ерекшелік ретінде қарастырылады. Қаламгердің "Кентавр", "Казино", "Түсік" атты туындыларында кейіпкердің ішкі психологиялық иірімдері шебер суреттеліп, кейіпкердің болмысы оқырманға терең танылады. "Кентавр" шығармасындағы басты кейіпкер Басарыс - басы адам, денесі жылқы тұрпатты жан иесі. Автор Басарыстың жалғыздық күйін әсерлі жеткізеді. Жалпы, көркем шығармадағы жалғыздық мәселесі – айрықша құбылыс, себебі адам жалғыздықта өзінің сырын, мұңын, шынай болмысын бүкпесіз танытады. "Түсік" туындысында да кейіпкердің түс көруі оның психологиялық күйін айқын танытып, болмысын айшықтап бергендей. Осы тұстас психологизм аспектілері қазіргі буын жазушыларында да, атап айтсақ Д. Рамазан, А. Кемелбаева, Р. Мұқанова сынды жазушыларымыздың туындыларынан елеулі көрініс тауып келеді.

**Қорытынды.** Әдебиеттегі психологизм - шығарманың эстетикалық әлемін құраушы табиғи құбылыс. Адам баласына тән жұмбақ сырды, ой мен сезім арасындағы қайшылықты, кейіпкерге тән ішкі толғаныс пен рухани күйзелісті таныту психологизм негізінде жүзеге асады. Психологизмнің әдебиеттегі мақсаты - адам жанының нәзік сырларын, құпия қалтарыстарын бейнелеу. Осы зерттеуімізде психологизмнің көркем шығармамен ажырамас бірлік екендігіне көз

жеткіземіз. Әдебиеттегі психологизм - жазушы талантын айшықтаушы белгі. Жеке адам санасында қалыптасатын әрқилы сезімдік құбылыстар, ой ағымы т.б. бейнелеуде қаламгерлер психологизмге иек артады. Көркем шығармада психологизм белгілі бір көркемдік - мазмұндық ерекшеліктерге ие болып, кейіпкердің ішкі әлеміндегі идеялық,

философиялық, этикалық ізденістерді ашуға бағытталады. Әдебиеттегі психологизмнің мақсаты – шығармада көркемдік образ қалыптастыру, адам мінез-құлқын жан-жақты бейнелеу. Осыған сәйкес психологизмді көркем әдебиеттің ажырамас бірлігі деп тани аламыз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Майтанов, Б. Қаһарманның рухани әлемі [Мәтін] / Б.Майтанов. - Алматы: Жазушы, 1987. - 232 б.
2. Пірәлі, Г. Ж. Көркем шығармадағы психологизм [Мәтін] / Г.Ж. Пірәлі. - Алматы,-2004. - 240 б.
3. Атымов, М. Қазақ романдарының поэтикасы [Мәтін] / М. Атымов. - Алматы: Ғылым, -1975. -125 б.
4. Аймауытов, Ж. Ақбілек. Әңгімелер [Мәтін] / Ж. Аймауытов // құраст. Г. Мұқышева. - Алматы: Өлке, 2012. - 280 б.
5. Елеукенов, Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын [Мәтін] / Ш.Елеукенов. - Алматы: Жазушы, 1977. - 300 б.
6. Мұртаза, Ш. Тамұқ: «Қызыл жебе» ғұмырнаамалық роман-эпопеясының бесінші кітабы [Мәтін] / Ш.Мұртаза. – Алматы: Атамұра, 1994. – 224 б.
7. Жұмабаев, М. Шолпанның күнәсі [Мәтін] / М.Жұмабаев / Қазақ. - 2010. - ақпан 5-12 - № 6\7 – Б.6-7.

*Материал 01.11.23 редакцияға түсті.*

**Т.Р. Абдикадырова\*, Ж. Жанатбекқызы**

*Таразский региональный университет им. М. Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан*

#### ПРОЯВЛЕНИЕ ПСИХОЛОГИЗМА В ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

**Аннотация.** В статье подробно рассматривается понятие "психологизм", которое до сих пор до конца не изучено в казахской литературе. Психологизм тесно связан с литературой, потому что, поскольку основным объектом художественного произведения является человек, очевидно, что человеческая деятельность и психология также отражаются в произведении. Следовательно, психологизм является связующим звеном между литературой и психологией. В статье раскрыто понятие психологизма, его виды, характерные художественно - стилевые особенности научно систематизированы и проанализированы на основе работ ученых, вносящих вклад в казахское литературоведение. На основе исследовательских работ Бакытжана Майтанова "Қазақ романы және психологиялық талдау", "Қаһарманның рухани әлемі", Гульзии Прали "Көркем шығармадағы психологизм мәселелері" дифференцируются аспекты психологизма в казахской прозе. Приводятся примеры из произведений Мухтара Ауэзова, Жусупбека Аймаутова, Магжана Жумабаева, Шерхана Муртазы, Толена Абдикова, Аскара Алтая, систематизируются способы проявления и передачи психологизма в художественном произведении. При этом на примере из конкретных произведений демонстрируются средства репрезентаций психологизма в литературном произведении, а именно функция внутреннего монолога и диалога в раскрытии характера и душевного состояния персонажа. Выделены процессы становления и развития литературного психологизма, определено его эстетическое выражение в художественном произведении. Рассмотрены основные черты, характерные для психологической прозы, а также исследован вопрос психологического стиля в изображении



личности героя. Выделено уникальное место мотива сновидения, берущего свое начало из фольклорных образцов, в художественной прозе и новаторство традиций. Рассмотрены вопросы течения сознания, психологического анализа, раздвоения личности в художественном произведении.

**Ключевые слова:** психологизм, сознание, монолог, персонаж, психологический анализ, проза.

**T. R. Abdikadyrova\*, Zh. Zhanatbekkyzy**

*M. Kh. Dulaty Taraz State University, Taraz, Kazakhstan*

## THE MANIFESTATION OF PSYCHOLOGISM IN WORKS OF ART

**Abstract.** The article discusses in detail the concept of "psychologism", which has not yet been fully studied in Kazakh literature. Psychologism is closely related to literature, because since the main object of a work of art is a person, it is obvious that human activity and psychology are also reflected in the work. Consequently, psychologism is the connecting link between literature and psychology. The article reveals the concept of psychologism, its types, characteristic artistic and stylistic features, scientifically systematized and analyzed on the basis of the works of scientists contributing to Kazakh literary criticism. Based on the research works of Bakytzhan Maitanov "Kazakh novels and psychological analysis", "The spiritual world of Kaharman", Gulziya Prali "Problems of psychologism in fiction", aspects of psychologism in Kazakh prose are differentiated. Excerpts from the works of Mukhtar Auezov, Zhusupbek Aimaurov, Magzhan Zhumabayev, Sherkhan Murtaza, Tolen Abdikov, Askar Altai are given, the ways of manifestation and transmission of psychology in a work of art are systematized. At the same time, using examples from specific works, the means of representing psychologism in a literary work are demonstrated, namely, the function of internal monologue and dialogue in revealing the character and mental state of the character. The processes of formation and development of literary psychologism are highlighted, its aesthetic expression in a work of art is determined. The main features characteristic of psychologism in prose are considered, and the issue of psychological style in depictions of the hero's personality is also explored. The unique place of the dream motif, which takes its origins from folklore samples, in literary prose and the innovation of tradition is highlighted. The issues of the flow of consciousness, psychological analysis, and split personality in a work of art are considered.

**Key words:** psychology, consciousness, monologue, character, psychological analysis, prose.

### References

1. Maitanov B. Kaharmannyń rýhanı álemi. [The spiritual world of hero]. - Almaty: Jazyshy, 1987. - 232 p [in Kazakh]
2. Piráli G. J. Kórkem shyǵarmadaǵy psihologizm. [Psychologism in work of art]. - Almaty, 2004. - 240 p. [in Kazakh]
3. Atymov M. Kazakh romandarynyń poetikasy. [Poetics of kazakh novels]. - Almaty: Gylym baspasy, 1975. - 125 p. [in Kazakh]
4. Aımaýytov J. Aqbilek. Áńgimeler/ J. Aımaýytov; qurast. G. Muqysheva. [Akbilek. Stories]. - Almaty: Olke, 2012. - 280 p. [in Kazakh]
5. Eleykenov Sh. Zamandas parasaty: ádebi syn / Sh. Eleykenov. [Contemporary reason: literary criticism]. - Almaty: Jazyshy, 1977. - 300 p. [in Kazakh]

6. Murtaza Sh. Tamuq: «Kyzyl jebe» ğumyrnamalyq roman-epopeiasynyń besinshi kitabı. [Tamuk: the fifth book of the epic nobel "Red coar"]. – Almaty: Atamura, 1994. – 224 p. [in Kazakh]
7. Jumabaev M. Sholpannyń kúnası: áńgime/M. Jumabaev// [The sin of Sholpan: story] / Qazaq. - 2010. - 5-12 February (№ 6\7). – P.6 -7. [in Kazakh]

*Мақалаға сілтеме:*            *Әбдіқадырова, Т.Р. Көркем шығармалардағы психологизмнің көрінісі [Мәтін] / Т.Р. Әбдіқадырова, Ж. Жанатбекқызы // Dulary University Хабаршысы. – 2024. – №2. – Б. 8-17. <https://doi.org/10.55956/RVXX5764>*